

Бекітемін Уразалина С.Б

Қыркүйек айының І аптасы 1 – 4 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі ай тақырыбы: «Қош келдің, Алтын күз»

Апта тақырыбы: «Күзгі табиғат»

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, күздің түрлі мезгілімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі:	Сейсенбі: 1.09.2020ж	Сәрсенбі: 2.09.2020ж	Бейсенбі: 3.09.2020ж	Жұма: 4.09.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, сау сақ т.б)		Санамақ айтқызу Бір аю келіп өкіріп, Екі қоян секіріп. Үш ит келді үргіліп, Төрт қасқырға секіріп. Бес қозы қашып құтылып, Қасқыр қалды тұтылып.	Дидактикалық ойын: «Есіңе сақта» Мақсаты: балалардың есте сақтау, қиялын дамыту.	Құрлыс ойындары: Кубиктерден үлкен көпір құрастыру. Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Көкөніспе, жеміспе?» Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажыратуға үйрету.
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №1				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық		Балабақша есігін Үшке тола ашқанбыз Анамыздай мәпелеп Өсіреді бақшамыз	«Менің тобым» тақырыбында суретпен жұмыс. Көп сиреттердің ішінен өзінің тобында бар суреттерді ажыртаып табу.	«Балабақшадағы дамытушы орта» тақырыбында балалармен көңілді әңгіме жүргізу	Қ/О: «Ақ қоян». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.		Құрастыру Тақырыбы: «Үй тұрғызамыз» Мақсаты: Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрастыруға, құрылыс материалдарын таңдай отырып көп қабатты үй құрастыра білуге үйрету. Орыс тілі Тема: «Мой детский сад» Цель: Научить детей слушать, запоминать и правильно произносить русскую речь, формировать навыки понимания	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүру» Мақсаты: 1. Тапсырманы орындай отырып, бір бірлеп және шашырап жүгіруге жаттықтыру. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Қолдарымен еденге сүйеніп, шығармашылыққа еңбектеп кіру; тақтай үстімен тепе- теңдік сақтап жүру. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бау-бақшада, бақтарда»	Математика негіздері Тақырыбы: «Бір және көп, көп заттарды салыстыру және арасындағы сәйкестіктерді орнату. Үлкен және кіші. Шеңбер (өзге фигуралардың арасынан табу)» Мақсаты: Заттарды санына қарай салыстыру, бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту; санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып, заттарды санау (2 саны көлемінде); солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атау, сан есімді зат есіммен	Музыка Тақырыбы: «Біз көңілді қуыршақ». Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір орыннан ұзындыққа секіру» Мақсаты: 1. Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйрету. 2. Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл қозғалыс ойындарын үйрету.

		и восприятия названий некоторых предметов быта, правильно ставить ударение в словах при произношении. Игра: «Найди нужную комнату?»	Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу. Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу. Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Сурет салу Тақырыбы: «Дәмді алмалар» Мақсаты: Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	сәйкестендіру; екі топтағы заттарды бір-бірімен салыстыру. Жапсыру Тақырыбы: «Достарыма арналған үй» Мақсаты: а) Қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйрету; ә) Шығармашылық қабілеттерін дамыту; б) Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	3. Жоғарыға қарай лактыруға және оны қағып алуға жаттықтыру; бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат» Мақсаты: Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бөтенкелердің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.					
Серуен	1.Күнді бақылау. Мақсаты: Балаларға күн сәулесінің шуағын, нұрын түсіндіру. 2.Қ/ойын: «Ұшты-ұшты». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. 3.Еңбек: Балалармен ауладағы қоқыстарды жинау. 4.Жеке жұмыс: Күз мезгілінің тақпағын жаттау. 5.Еркін ойын. Ойын барысында бірігіп ойнауларын қадағалау.					
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу сабындау.					
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу. Майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.					
Ұйқы	Релаксация әуенімен ұйықтату.					
		Ертегі оқып беру.	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау	Әуен айтып беру.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары.	Ұйқыдан ояну жаттығу №1 Керуеттегі жаттығулар. Мақсаты: Күндізгі ұйықтаудан кейінгі оятуға ықпал ету.					
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.					

Ойындар дербес әрекет		Вариативтік компонент: Биле, биле, балақай! 1. Жұмбақтар кеші Мақсаты: Баланың ойлану қабілетін дамыту мақсатына орай.	Ертегі оқу «Шалқан» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Боямақ кітапшамен жұмыс. Мақсаты: Суретті дұрыс бояуға дағдыландыру.	Вариативтік компонент: «Ұлттық ойындар» Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»	Сюжетті -рөлдік ойын: «Аспазшы» ойындары Мақсаты: Әр мамандықтың өз ерекшелігі бар екенін таныстыру. Сурет салудың жаңа техникасын жетілдіруді жалғастыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес		Балалардан күз мезгілі туралы тақпақ сұрау.	Балалардан ауа-райын сұрау.	Балалардан күз мезгілінің айларын сұрау.	Балаларға желдің дыбысын салуды үйрету.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бөтенкелердің бауын байлауын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	Мақсаты: Қызығушылықтар бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу		«Күз» мезгіліне тақпақтарын жаттығуларды қадағалауды.	Ата -анамен пікірлесу. Балалармен бірге ертегі айтуды тапсыру.	Ата -аналармен пікірлесу. Балаға ата-ана көшбасшы.	Ата-анаға ұсыныс. Жеке бас тазалығы.

Бекітемін Уразалина С.Б

Қыркүйек айының II аптасы 7 – 11 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі тақырыбы: «Қош келдің, Алтын күз»

Апта тақырыбы: «Күзгі гүл шоқтары»

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, күздің түрлі мезгілімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 7.09.2020ж	Сейсенбі: 8.09.2020ж	Сәрсенбі: 9.09.2020ж	Бейсенбі: 10.09.2020ж	Жұма: 11.09.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б.)	Дидактикалық ойындар «Кім баяу?» ойыны Мақсаты: Балалар тәрбиешімен бүрге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады.	Санамақтар айтқызу Бір дегенім - бесік, Шықтық одан өсіп, Екі дегенім - елім, Далам, тауым көлім. Үш дегенім - үміт, Үміт артар жігіт. Төрт дегенім - төзім, Төзе білем өзім.	Үстел үсті ойыны Пішіндерден бейнелер құрастыруды үйрету. Мақсаты: Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Мозайкамен жұмыс Мақсаты : Танымдық, қызығушылықта рын дамыту.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Мамандық түрлерін үйреніп ойнауға үйрету.
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №1				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қ/О: «Мысық пен тышқан». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	Балалардан достары туралы сұрау. Атын атап үйрету.	Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата» Мақсаты: Балалардың атын атайды, ұл-қыз екенін айырады.	Біз қандаймыз, қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ренжуді білмейміз	Суретпен жұмыс: Менің ауладағы достарым. Мақсаты: балаларға өз достары болатынын және достар бір біріне қамқор бола білетінін түсіндіру.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тепе теңдік» Мақсаты: 1. Тепе теңдікті сақтап жүруге үйрету. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құрмет пен сүйіспеншілік	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты: Балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабинеттерді салыстыруға үйрету. Балабақша бөлмесінде, аулада еркін бағыт-бағдар жасау, топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдану іскерліктерін жетілдіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру» Мақсаты: 1. Қырымен жіптің үстімен аттап секіру. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді» (ойыншықты	Математика негіздері Тақырыбы: «Саны 3-ке, 4-ке тең заттарды салыстыру, заттарды санау. Жыл мезгілдері (күз). Оң жақта, сол жақта.» Мақсаты: 4 көлеміндегі заттарды санауға үйрету; үлгі бойынша санау, екі топтағы заттарды теңестіру, жыл мезгілдері (күз) туралы түсінігін нығайту; заттың орналасу ретін сөзбен баяндай алу қабілетін нығайту; қағаз бетінде бағдарлай алу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Алма мен	Музыка Тақырыбы: «Кел, билейік» Мақсаты: Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бөрененің үстінде жүру» Мақсаты: 1. Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде

	сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Алма бағы» Мақсаты: Алма ағашының суретін сала білуге үйрету. Алма ағашының құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Ағаш діңін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру. Көріністі қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу.	суреттеу арқылы әңгіме құрау) Мақсаты: Тәрбиешінің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіру. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу. Эстетикалық талғамын арттыру. Сурет салу Тақырыбы: «Алма бағы» Мақсаты: Алма ағашының суретін сала білуге үйрету. Алма ағашының құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Ағаш діңін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру. Көріністі қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу.	алмұрт» Мақсаты: а) Екі алақанның ортасына салып домалату тәсілі арқылы алманы мүсіндеуге үйрету; ә) Бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; б) Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.	аяқтың ұшымен жүру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз келді!» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бөтенкелердің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	1.Аспанды бақылау. Мақсаты: Ауа-райы құбылыстарының өзгеруін,құбылуын бақылау. 2.Қ/ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. 3.Еңбек: Бесеткадағы топырақты сыпыру. 4.Жеке жұмыс: Күз мезгілінің өзгерістері туралы сұрау. 5.Еркін ойындар: ойын барысында дос болып ойнауларын қадағалау.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу. Майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ұйқы	Релаксация әуенімен ұйықтату.				
	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	Ертегі оқып беру.	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау	Әуен айтп беру.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары.	Ұйқыдан ояну жаттығу №1 Керуеттегі жаттығулар. Мақсаты: Күндізгі ұйықтаудан кейінгі оятуға ықпал ету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеуге үйрету.				

Ойындар дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту.	Вариативтік компонент: «Биле -биле, балақай» Жұмбақтар шешу Мақсаты: Балалардың ойлау, қиялын дамыту	Ертегі оқу «Шалқан» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Сурет салу. Мақсаты: Суретті дұрыс сала білуге дағдыландыру.	Вариативтік компонент: «Ұлттық ойындар» Тақырыбы: «Ұлттық ойындар деген не?»	Құрлыс материалдармен ойындар. Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Балаларға шапшаң жүгіруге үйрету.	Балаларға желдің дыбысын салуды үйрету.	Балалардан күз мезгілі туралы тақпақ сұрау.	Балалардан ауа-райын сұрау.	Балалардан күз мезгілінің айларын сұрау.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бөтенкелердің бауын байлауын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	Мақсаты: Қызығушылықтар бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Кеңес. «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы».	Ата-аналармен пікірлесу. Таңғы жаттығудың маңызы. Таңертең кешікпей келулерін қадағалау.	Ата-аналарға балалармен бірге санау керектігін тапсыру. Оң жақ, сол жақ туралы айту.	Ата-анамен ұсыныс Шалқан ертегісін баламен бірге айту. Мақсаты: Ертегіні еске түсіріп жандандырып отыруға кеңес беру.	Ата-анамен сұхбат Жеке бас тазалығы. Мақсаты: Балалардың жеке бас тазалығын сақталуын қадағалау.

Бекітемін Уразалина С.Б

Қыркүйек айының III аптасы 14 – 18 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі ай тақырыбы: «Қош келдің, Алтын күз»

Апта тақырыбы: «Жомарт күз»

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, күздің түрлі мезгілімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 14.09.2020ж	Сейсенбі: 15.09.2020ж	Сәрсенбі: 16.09.2020ж	Бейсенбі: 17.09.2020ж	Жұма: 18.09.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: « Пішіндер» Мақсаты: Пішіндерді ажыратуға үйрету.	Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Күз өлеңі Көк майсалы көрікті, Алқаптағы көп егін. Бұл күндері киіпті Сары жібек көйлегін.	«Жапырақтар» тыныс алу жаттығуы Жіпке байланған жапырақтың үлгісіне үрледі.	Жұмбақ шешу. Жауып жаңбыр. Жер сабыр. Шөп жапырақ солады, Бұл қай кезде болады. (Күз)
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №2				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойындар: «Тым тырақай» Мақсаты: Қимылмен көрсету, топтасып қимыл қозғалысын жасау, еркін жүгіру, белгіге тоқтау	Ойын: «Ойын құралдары» Ойындардың ойналу жағдайларын айтып түсіндіру. Балаларды үйде сурет салуға бейімдеу	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап» Мақсаты: Түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету	Қимылды ойын: «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	Үстел үсті ойыны «Пирамида» Мақсаты: Балаларды шапшаң ойлау қабілеттерін арттыру, үлкен-кіші көлемін ажырата білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Баскетбол ойынының элементтері» Мақсаты: 1. Допты екі қолмен қағып алуға үйрету. 2. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру 3. Допты еденге соғуға жаттықтыру; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар»	Құрастыру Тақырыбы: «Жүзім» Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағазды ұмаждау арқылы жүзімді құрастыра білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Мои любимые игрушки» Цель: Развивать понимание речи детей. Активизировать словарь,	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты домалату» Мақсаты: 1. Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету; 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бір бағытты ұстап, бір біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп ену. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:	Математика негіздері Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршыны көптеген фигуралардың арасынан табу». Мақсаты: Сан мен заттың санының арасындағы сәйкестікті анықтау; заттарды санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде); заттарды көлеміне қарай (үлкен, кішірек, кішкентай) салыстыруға және	Музыка Тақырыбы: «Күз - жомарт» Мақсаты: Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты домалату» Мақсаты: 1. Шашырап

	Мақсаты: Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету. Ойыншықтардың түрлерін ажырата білуге баулу. Ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	учить детей по словесному указанию, находить предметы по описанию и цвету. Воспитывать чувство сопереживания, бережное отношение к игрушкам, аккуратность. Развивать мелкую моторику рук. Дидактическая игра: «Собери картинки и назови»	«Ит және оның кішкентай күшіктері» Мақсаты: Тәрбиешінің үлгісі бойынша балалардың сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіру. Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету. Сурет салу Тақырыбы: «Жолақтағы (жолақшадағы) ою элементтері» Мақсаты: Қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру; қолданатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету; үзік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығатынын білдіру, балалардың көркемдік талғамын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.	сол сөздерді сөйлеу барысында қолдануға үйретуді жалғастыру; заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) анықтап, оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету; Жапсыру Тақырыбы: «Піскен алмалар» Мақсаты: а) Балаларды қайшымен дұрыс жұмыс істеуге, қағазды бөлшектеп жырту арқылы ағаш бейнесін жасай алуға үйрету; ә) көркемдік талғамдарын дамыту; б) қағаздарды ретімен пайдалана білуге тәрбиелеу.	жүруге және жүгіруге үйрету; 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бір бағытты ұстап, бір біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп ену. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мол өнім» Мақсаты: Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу
Серуенге дайындық	Сыртқы киімдерін ұқыпты киюге дағдыландыру. Түймелерін дұрыс салуға үйрету. Достарына көмек көрсетуге ниеттерін ояту.				
Серуендеу	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбыр бұлттан жауатындығын және түрлерін айтып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. .Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Сұр қоян» Мақсаты: Балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Дарханға тәрбиешінің тапсырмасын орындау керектігін түсіндіру. Мақсаты: Үлкенді тыңдауға үйрету. Еркін ойын.				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу сабындау.				
Түскі ас	Үстел үстінде дұрыс отырып, асты төкпей ішуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағдай жасау				
	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	Ертегі оқып беру.	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау	Әуен айтып беру.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су	Біртіндеп ұйқыдан ояту, көңілді әуенмен сергіту жаттығуларын жасату.				

ем шаралары.					
Бесін ас	Тамақтану алдында гигиеналық ережелерді орындауға, үстел үстінде дұрыс отырып тамақтануға, майлықты ұқыпты пайдалануға үйрету.				
Ойындар дербес әрекет	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»	Вариативтік компонент :«Биле-биле, балақай»	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйрету.	Вариативтік компонент: «Ұлттық ойындар» Тақырыбы: «Аңға байланысты ойындар»	Қимылды ойын: «Жаңбыр мен күн» Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Балаларға шапшаң жүгіруге үйрету.	Балаларға желдің дыбысын салуды үйрету.	Балалардан күз мезгілі туралы тақпақ сұрау.	Балалардан ауа-райын сұрау.	Балалардан күз мезгілінің айларын сұрау.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінудің, бөтенкелердің бауын байлаудың, киімдерінің түймесін салудың қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	Мақсаты: Қызығушылықтар бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Ата-аналарға табиғат бұрышын жасақтауға ұсыныс жасау.	«Менің тобым» балаларға өз топтары туралы әңгімелеу.	Топтық бұрыштарды толықтыруға ұсыныс жасау.	Дене шынықтыру формаларын әкелулерін ескерту.	Алдағы балабақшада өткізілетін шаралар туралы пікірлесу.

Бекітемін Уразалина С.Б

Қыркүйек айының IV аптасы 21 – 25 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі ай тақырыбы: «Қош келдің, Алтын күз»

Апта тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, күздің түрлі мезгілімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 21.09.2020ж	Сейсенбі: 22.09.2020ж	Сәрсенбі: 23.09.2020ж	Бейсенбі: 24.09.2020ж	Жұма: 25.09.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті,дидактикалық, саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: «Кімнің бойы биіктеу екенін айт» Мақсаты: Балаларға ұзын- қысқа ұғымын ұғындыру.	Көлемді анықтау. «Кім бірінші?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалау анықтау.	Дидактикалық ойын: «Үстінде,астында,алдынд а,сол жақта,оң жақта» Мақсаты: кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.	Саусақ ойындар: Монтессори әдісі «Бауларды өткіз» Мақсаты: Балалардың саусақ бұлшықеттерін дамыту.	Санауға үйрету. «Барлығы қанша» Мақсаты:балаларға санауды,есептеуді үйрету.
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №2				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойындар: «Балапандар мен жаңбыр» Мақсаты: Қимылмен көрсету.топтасып қимыл қозғалысын жасау, (ұшып кетеді, ұшып келді, шоқиды, тығады, жылынады, т.б.)	Сергіту: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі	Қимылды ойын Қолшатыр Балаларға күз мезгілінің ерекшелігімен таныстыра отырып, жағымды көңіл күй сыйлау.	Дидактикалық ойын: Жапырақты ажырат Мақсаты: Сары және қызғылтсары жапырақтарды ажырату.	Сергіту әуені Кап кап Балаларға жағымды көңіл күй сыйлау.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қапшықты нысанаға лақтыру» Мақсаты: 1. Қапшықты нысанаға лақтыруды үйрету. 2. Көзбен мөлшерлей білуді үйрету. 3. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күзде» Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тындап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету. Сурет салу Тақырыбы: «Не салғым келсе, соны саламын». Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар» Мақсаты: 1. Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. 2. Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және тереңдету. 3. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Масақ» украин халық ертегісі Мақсаты: Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үлгі бойынша санау, сандарды салыстыру (4 және 5). Тәулік бөліктері. Сол жақта, ортада, оң жақта.» Мақсаты: Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру (5 саны көлемінде); екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету; саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосуды үйрету; саны жағынан бірдей, бірақ әртүрлі заттардан құралған топтар арасындағы теңдікті анықтау; тәулік бөліктері туралы білімін нығайту; заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету (сол жақта, ортада, оң жақта). Мүсіндеу Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен қияр» Мақсаты: а) Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету; ә) Қол бұлшық еттерін, ойлау қабілеттерін дамыту; б) Жұмыс барысында тазалыққа, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шыбынбике-Шыбынгүл» Мақсаты: 1. Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике Шыбынгүл» ертегі өлеңін үзінді жаттату. 2. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. 3. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру; өз өзін уқалауға жаттықтыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дастарханға нан қайдан келеді?» Мақсаты: Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Сыртқы киімдерін ұқыпты киюге дағдыландыру. Түймелерін дұрыс салуға үйрету. Достарына көмек көрсетуге ниеттерін ояту.				
Серуендеу	1. Күзгі табиғатты бақылау. Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсінігін одан әрі кеңейту. 2. Еңбек: Қонжыққа көмектесеміз. Мақсаты: Үлкендердің еңбегін бағалау. 3. Қ/ойын: «Допты қақпаға түсіру» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Балаларға күз мезгілі туралы тақпақ жаттату. 5. Еркін ойын				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу сабындау.				

Түскі ас	Үстел үстінде дұрыс отырып, асты төкпей ішуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағдай жасау				
	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	Ертегі оқып беру.	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау	Әуен айтп беру.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары.	Біртіндеп ұйқыдан ояту, көңілді әуенмен сергіту жаттығуларын жасату.				
Бесін ас	Тамақтану алдында гигиеналық ережелерді орындауға, үстел үстінде дұрыс отырып тамақтануға, майлықты ұқыпты пайдалануға үйрету.				
Ойындар дербес әрекет	Қимылды ойын: «Жаңбыр мен күн» Мақсаты: Балаларды еркін ойнауға үйрету	. Вариативті компонент: «Биле-биле, балақай»	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйрету.	Вариативті компонент: «Ұлттық ойындар» Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»	Ертегілер елінде Мақта қыз бен мысық
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Балаларға шапшаң жүгіруге үйрету.	Балаларға желдің дыбысын салуды үйрету.	Балалардан күз мезгілі туралы тақпақ сұрау.	Балалардан ауа-райын сұрау.	Балалардан күз мезгілінің айларын сұрау.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуді, бөтенкелердің бауын байлауды, киімдерінің түймесін салуды қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	Мақсаты: Қызығушылықтар бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Балаларды ермексазбен көп жұмыс жасауға дағдыландыру.	«Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында пікірлесу.	Балаларға ұйықтар алдында киетін киімдерін беріп жіберуді ескерту.	«Алақай ойындар» алдағы демалыс күндерінде, арнайы демалыс орындарда балаларыңызбен бірге ойнау.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.

Бекітемін Уразалина С.Б

Қыркүйек айының V (қайталау) аптасы 28 – 2 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі ай тақырыбы: «Қош келдің, Алтын күз»

Апта тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, күздің түрлі мезгілімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 28.09.2020ж	Сейсенбі: 29.09.2020ж	Сәрсенбі: 30.09.2020ж	Бейсенбі: 1.10.2020ж	Жұма: 2.10.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал жаңбыр жауды дегенде қолшатырдың астына тығылды.	Дидактикалық ойын: «Көкөніс пе, жеміс пе?» Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал жаңбыр жауды дегенде қолшатырдың асытна тығылады.	«Жапырақтар» тыныс алу жаттығуы Жіпке байланған жапырақтың үлгісіне үрледі.	Күз өлеңін жаттау. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау.
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №2				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Сергіту әуені «Кап кап» Балаларға жағымды көңіл күй сыйлау.	Сергіту: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі	Қимылды ойын Қолшатыр Балаларға күз мезгілінің ерекшелігімен таныстыра отырып, жағымды көңіл күй сыйлау.	Дидактикалық ойын: Жапырақты ажырат Мақсаты: Сары және қызғылтсары жапырақтарды ажырату.	Сергіту әуені Кап кап Балаларға жағымды көңіл күй сыйлау.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қапшықты нысанаға лақтыру» Мақсаты: 1. Қапшықты нысанаға лақтыруды үйрету. 2. Көзбен мөлшерлей білуді үйрету. 3. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру Көркем әдебиет	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Туыстық	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар» Мақсаты: 1. Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. 2. Қоршаған орта туралы	Математика негіздері Тақырыбы: «Үлгі бойынша санау, сандарды салыстыру (4 және 5). Тәулік бөліктері. Сол жақта, ортада, оң жақта.» Мақсаты: Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру (5 саны көлемінде); екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету; саны	Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Өртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. Дене

	Тақырыбы: «Күзде» Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тындап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	қатынастарды түсінуіне ықпал ету. Сурет салу Тақырыбы: «Не салғым келсе, соны саламын». Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	көзқарастарын кеңейту және тереңдету. 3. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Өннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Масақ» украин халық ертегісі Мақсаты: Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу.	жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосуды үйрету; саны жағынан бірдей, бірақ әртүрлі заттардан құралған топтар арасындағы теңдікті анықтау; тәулік бөліктері туралы білімін нығайту; заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету (сол жақта, ортада, оң жақта). Мүсіндеу Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен қияр» Мақсаты: а) Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету; ә) Қол бұлшық еттерін, ойлау қабілеттерін дамыту; б) Жұмыс барысында тазалыққа, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.	шынықтыру Тақырыбы: «Шыбынбике-Шыбынгүл» Мақсаты: 1. Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике Шыбынгүл» ертегі өлеңін үзінді жаттату. 2. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. 3. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру; өз өзін уқалауға жаттықтыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дастарханға нан қайдан келеді?» Мақсаты: Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Сыртқы киімдерін ұқыпты киюге дағдыландыру. Түймелерін дұрыс салуға үйрету. Достарына көмек көрсетуге ниеттерін ояту.				
Серуендеу	Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру. Мақсаты: Ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Қ/О: «Қояндар мен қасқырлар». Мақсаты: Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Жеке жұмыс: Әділханға сары түсті жапырақтарды жинату. Мақсаты: Еңбекке баулу. Еркін ойын				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу сабындау.				
Түскі ас	Үстел үстінде дұрыс отырып, асты төкпей ішуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағдай жасау				
	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	Ертегі оқып беру.	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау	Әуен айтп беру.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары.	Біртіндеп ұйқыдан ояту, көңілді әуенмен сергіту жаттығуларын жасату.				
Бесін ас	Тамақтану алдында гигиеналық ережелерді орындауға, үстел үстінде дұрыс отырып тамақтануға, майлықты ұқыпты пайдалануға үйрету.				

Ойындар дербес әрекет	Қимылды ойын: «Жаңбыр мен күн» Мақсаты: Балаларды еркін ойнауға үйрету.	Вариативтік компонент:«Биле-биле, балақай»	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйрету	. Вариативтік компонент: «Ұлттық ойындар» Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Балаларға шапшаң жүгіруге үйрету.	Балаларға желдің дыбысын салуды үйрету.	Балалардан күз мезгілі туралы тақпақ сұрау.	Балалардан ауа-райын сұрау.	Балалардан күз мезгілінің айларын сұрау.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, бәтеңкелердің бауын байлауын, киімдерінің түймесін салуын қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	Мақсаты: Қызығушылықтар бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Балаларды ермексазбен көп жұмыс жасауға дағдыландыру.	«Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында пікірлесу.	Балаларға ұйықтар алдында киетін киімдерін беріп жіберуді ескерту.	«Алақай ойындар» алдағы демалыс күндерінде, арнайы демалыс орындарда балаларыңызбен бірге ойнау.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.

Бекітемін Уразалина С.Б

Қазан айының І аптасы 5 – 9 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі ай тақырыбы: «Мен және қоршаған орта»

Апта тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 5.10.2020ж	Сейсенбі: 6.10.2020ж	Сәрсенбі: 7.10.2020ж	Бейсенбі: 8.10.2020ж	Жұма: 9.10.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Дидактикалық ойын : «Жануарды құрастыр» Мақсаты: Жануарларды ажырата білуге үйрету.	Санамақ айтқызу. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз Бас бармағым – атам, Балан үйрек – апам Орған терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам Кішкене бөбек – мен. Бір үйде нешеуіміз? Бір үйде бесеуіміз.	Қимылды ойын: «Ойыншықтарды алып кел» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Үстел үсті ойындар: «Лото» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойыны: « Өз үйінді тап» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баулу.
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №3				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Вариативті компонент: «Ертегілер елінде»	Сюжетті рольді ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Дүкенші ойынын ойнау арқылы ойыншықтар атауын біле түсуге, үйрену.	Үстел үсті ойыны: «Бірдей суретті тап» Мақсаты: Көп суреттердің ішінен бірдей, яғни сәйкес келетін суретті тауып алуға дағдыландыру.	Қимылды ойын: «Кім епті?» Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру, шапшаңдыққа үйрету ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Бұл кім?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажыратып, атауға үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доппен жұмыс» Мақсаты: 1. Бір біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. 2. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жапырақтар».	Құрастыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: Үйшік құрастыру арқылы үйшіктің бір және бірнеше бөліктерден тұратынын түсіндіру, таныстыру. Қағаздан үйшікті құрастыра білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Осень»	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әжемнің аулына қонаққа бару» атты спорттық іс шара Мақсаты: 1. Үй жануарларымен таныстыру. 2. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Балалардың зейінін дамыту; қимыл қозғалыс тәжірибесін дамыту.	Математика негіздері Тақырыбы: «Сол жақта, ортада, оң жақта. Шеңбер, шаршы туралы өткенді пысықтау». Мақсаты: Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуын анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында); геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру; 1 цифрын 1 санының таңбасы	Музыка Тақырыбы: «Атамның киіз үйі» Мақсаты: Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру. Дене

	Мақсаты: Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін қалыптастыру. Табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Цель: Показать детям - что осень прекрасное время года. Закрепить знания о некоторых характерных особенностях времени года путём применения игровой формы обучения. Воспитывать бережное отношение к природе, заботиться о ней. Дид-я игра: «Танец листочков»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «З» және «с» дыбыстары» Мақсаты: Балаларға «З» және «с» дыбыстарының дұрыс жазылуын көрсету және түсіндіру. Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту. Ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру, үнемділікке тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай сәбіз» Мақсаты: Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу	ретінде таныстыру; үлгіні пайдалана отырып, 1 санын жазып үйрету; 1 цифрын өзге сандардың арасынан табу. Жапсыру Тақырыбы: «Шалғындағы саңырауқұлақтар» Мақсаты: а) Саңырауқұлақтарды қиып құрастырып жапсыруды үйрету; ә) Компазиция құру дағдыларын дамыту; б) Іскерлікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	шынықтыру Тақырыбы: «Белгі бойынша тоқтап, жүру және жүгіру» Мақсаты: 1. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. 2. Лақтыру күшін және қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру; 3. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету; белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты : Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай білу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым – қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Сыртқы киімдерін ұқыпты киюге дағдыландыру. Түймелерін дұрыс салуға үйрету. Достарына көмек көрсетуге ниеттерін ояту.				
Серуендеу	1. Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру. 2. Еңбек: Гүлдерді суару. Мақсаты: Еңбекке баулу. 3. Қ/ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Балаларға жел туралы тақпақ жаттату. 5. Еркін ойын				
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын қадағалау, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын жуу сабындау.				
Түскі ас	Үстел үстінде дұрыс отырып, асты төкпей ішуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағдай жасау				
	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	Ертегі оқып беру.	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау	Әуен айтп беру.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су	Біртіндеп ұйқыдан ояту, көңілді әуенмен сергіту жаттығуларын жасату.				

ем шаралары.					
Бесін ас	Тамақтану алдында гигиеналық ережелерді орындауға, үстел үстінде дұрыс отырып тамақтануға, майлықты ұқыпты пайдалануға үйрету.				
Ойындар дербес әрекет	«Ертегілер елінде» пазл ойыны.	Вариативтік компонент: «Биле-биле, балақай»	Сюжетті-рөлдік ойын: «Тігінші» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Вариативтік компонент: «Ұлттық ойындар» Тақырыбы: «Арқан тарту»	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Ненің ұшып, ненің ұшпайтынын білуге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Балаларға 10 ға дейін тура және кері санауға үйрету.	Балалардан отбасында кімдермен тұратынын сұрау арқылы толық жауап алу.	Балалардан отбасы туралы санамақ сұрау.	Балалармен ауа-райы туралы әңгімелесу.	Балалармен жыл мезгілі туралы әңгімелесу.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуді, бөтеңкелердің бауын байлауды, киімдерінің түймесін салуды қадағалау, үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	Мақсаты: Қызығушылықтар бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Ата-аналарға ұстаздар күніне челлендж түсіруді тапсыру.	Ата-аналарға кеңес. «Тазалық саулық негізі». Тазалық челленджін жасау.	Ата-аналармен балабақша туралы әңгімелесу .	Ата-анаға кеңес: «Желшешек».	Ата – аналарға тазалық жөнінде айту. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

Бекітемін Уразалина С.Б

Қазан айының ІІ аптасы 12 – 16 аралығындағы №8 ересек «Құлагер» тобының күн тәртібіндегі тәрбие мен ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Тәрбиеші: Қалдаманова Д

Өтпелі ай тақырыбы: «Мен және қоршаған орта»

Апта тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 12.10.2020ж	Сейсенбі: 13.10.2020ж	Сәрсенбі: 14.10.2020ж	Бейсенбі: 15.10.2020ж	Жұма: 16.10.2020ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ықпалын арттыру.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б.)	Дидактикалық ойын: «Өз орнынды тап» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке баулыу.	Құрылыс ойындары Кірпіштер мен жарты доғаларды, пластиналарды пайдалана отырып, әсем үй тұрғызуға талпындыру.	Саусақ ойындары: Томпаң, топаң етеді Аю үлкен жануар, Балды жақсы көреді. Аю үлкен жануар.	Үстел үсті ойыны Пішіндерден бейнелер құрастыруды үйрету.	Санамақтар айтқызу. Бір дегенім – бесік, Шықтық содан өсіп. Екі дегенім – елім, Далам, тауым, көлім. Үш дегенім – үміт, Үміт артар жігіт. Төрт дегенім – төзім, Төзе білем өзім. Бес дегенім – бақыт, Бағалайтын уақыт.
Танертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №3				
Таңғы ас	Тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай аң?» Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрай білуге үйрету.	Қимылды ойындар: «Балапандар мен жаңбыр» Мақсаты: Қимылмен көрсету. топтасып қимыл қозғалысын жасау, (ұшып кетеді, ұшып келді, шоқиды, тығады, жылынады, т.б.)	«Ертегілер елінде»	Д/О: «Сиқырлы қоржын» Мақсаты: Балалардың қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	Үстел үсті ойыны: «Кімнің заттары» (жақын адамдарының заттарын анықта). Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б
Ұйымдастырылған оқу қызметі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аттап жүру» Мақсаты: 1. Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Көлбеу қойылған баспалдыққа міну арқылы білге таяқшаны	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Мені қоршаған орта» Мақсаты: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аттракциондар» Мақсаты: 1. Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл қозғалыс ойындарын үйрету. 2. Ойын барысында	Математика негіздері Тақырыбы: «Балалардың 1 цифры туралы білімін бекіту. Тез-баяу. Үшбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу).» Мақсаты: 1 цифры туралы өткенді пысықтау; цифрды заттың санымен салыстыруға	Музыка Тақырыбы: «Біздің Алматы» Мақсаты: Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға

